

Исова Л.¹, Қилыбаева П.²,

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ., e-mail: banu-kk@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ДИАСПОРАНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(екінші дүние жүзілік соғыс жылдары
мен соғыстан кейінгі кезеңдер)**

Социалистік кезеңнен өткен елдердің халықтарын сауықтыру шаралары аясында жүзеге асырылатын саяси-идеологиялық саясат амалдары, Қазақстанның еуропалық топқа жататын тұрғындар бөлігі мен «жазаланған» халықтар депортациясы және репрессиялану мәселелерін зерттеу қажеттілігін жаңартып отыр. Кеңестер Одағында орын алған халықтар депортациялануының үдерісі, оның тарихындағы екінші соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кезеңнің ауыр да, қиын кезеңдерінің бірі болды. Әрекет етіп отырған билік жүйесіне қатысты кеңестік қоғамның екіге бөлініп кету қаупі жағдайында, биліктің барлық амалдарға бару орын алады. Осы ұстанымда билікке қарсы ашық та, жасырын қарсы бас көтерген жекелей халықтарға қолданылған саяси амалдар қатаң сипат алады. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуымен жаңарған депортация шаралары кеңестік геосаясатта жаңа импульс алады. Күштеп көшірілген барлық халықтардың ішінде поляктар мен немістер ең ірі ұлттық топтар қатарын құрайды. Сібір мен Қазақстанның солтүстік облыстарына арнайы эшелондармен шапшаң көшірілген тұрғылықты 107 мекен саны деректелген. Балтық бойының оккупацияланған территорияларынан кеңес билігінің жағымсыз элементтері саналған азаматтар мен көптеген поляктар қоныс аударылды. Өткен ғасырдың 30-жылдарынан кейін Қазақстанда қоныстана бастаған финндер және карельдер, 1935–1940 жылдары Ленинград облысынан депортацияланады. Депортация саясаты себептердің ауқымды кешенімен «түсіндірілетін». Мысалы, Балтық бойы елдерінен, Украина мен Белоруссияның батыс аудандарынан, Молдавиядан, Қазақстанға соғыс жылдары депортацияланғандар, «сенімсіз» деп саналып, оларға превентивті шаралар белгіленген (конфессиялық факторлармен, құрылымдық шараларға қарсы бас көтеру, бандалық құрылымдарға қатысу, өткен саяси жүйе құрылыстарына тиесілілік) болатын.

Түйін сөздер: геосаяси депортация, диаспора, екінші дүние жүзілік соғыс, Еуропалық халықтар, тарихи жады, тарихи тағдыр.

Issova L.¹, Kilybayeva P.²

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
L.N. Gumilyova Eurasian National University, Kazakhstan, Astana, e-mail: banu-kk@mail.ru

**Features and ideological problems of the formation of the European diaspora of Kazakhstan
(during the Second World War and after the end)**

Political and ideological policies of post-socialist countries to rehabilitate peoples make it necessary to study the problem of deportation and repression of «punished» peoples and groups belonging to the European groups of Kazakhstan's nationality. The process of deportation of peoples that took place in the Soviet Union during one of the hard and difficult periods of its history in the years after the Second

World War. Soviet society could be divided in relation to the functioning regime of power, and in this situation the authorities did everything so that its positions were not shaken, the measures applied to individual peoples and groups of the population, speaking in open or hidden form against the regime were tightened. With the beginning of the Second World War, the deportation took a new impetus of Soviet geopolitics. Poles and Germans were the largest national group of all those subjected to forced relocation. In special echelons, they were promptly exported to 107 settlements of Siberia and northern Kazakhstan. From the occupied territories of the Baltic states, the Poles and other undesirable elements of Soviet power were evicted. Finns and Karelians living in Kazakhstan from the 1930s were deported from the Leningrad Region in 1935–1940. The deportation policy was «explained» by a whole range of reasons. For example, deported from the Baltic countries, the western regions of Ukraine and Belarus, Moldova to Kazakhstan, were considered «unreliable», they were given preventive measures (linked by confessional factors, anti-reform measures, participation in gangs, belonging to the institutions of the outdated system).

Key words: Geopolitical deportation, diaspora, World War II, European peoples, historical memory, historical destinies.

Исова Л.¹, Қылыбаева П.²

¹кандидат исторических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²кандидат исторических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана, e-mail: banu-kk@mail.ru

Особенности и идеологические проблемы формирования европейской диаспоры Казахстана (в период Второй мировой войны и после)

Политические-идеологические меры политики постсоциалистических стран по реабилитации народов вызывают необходимость исследования проблемы депортации и репрессий «наказанных» народов и групп населения, принадлежащих к европейским группам национальности Казахстана. Процесс депортации народов, имевший место в Советском Союзе в один из трудных и сложных периодов ее истории в годы и после Второй мировой войны. Советское общество могло разделиться в отношении к функционировавшему режиму власти, а в этой обстановке власть делала все, чтобы не пошатнулись ее позиции, меры, применяемые к отдельным народам и группам населения, выступавшим в открытой или скрытой форме против режима, ужесточались. С началом Второй мировой войны депортация приняла новый импульс советской геополитики. Поляки и немцы являлись самой крупной национальной группой из всех подвергнутых насильственному переселению. В специальных эшелонах оперативно вывезены в 107 населенных пунктов Сибири и Северного Казахстана. От оккупированных территориях Прибалтики выселяли поляков и другие нежелательные элементы советской власти. Финны и карелы, проживающие в Казахстане с 30-х годов прошлого столетия, были депортированы в 1935–1940 годах из Ленинградской области. Политика депортации «объяснялась» целым комплексом причин. Например, депортированные из стран Прибалтики, западные районы Украины и Белоруссии, Молдавии в Казахстан считались «неблагонадежными», для них назначали превентивные меры (связанной конфессиональными факторами, выступлениями против преобразовательных мер, участие в бандформированиях, принадлежность к институтам отжившего строя).

Ключевые слова: геополитическая депортация, диаспора, Вторая мировая война, Европейские народы, историческая память, исторические судьбы.

Кіріспе

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі тарихи уақыт халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі, Ялта-Потсдам жүйесі тәртібі қалыптасуының күрделі мәселелерін ала келді. Соғысаралық жылдардағы әлемдік жаңа текетірестің шығуына сылтау болған сол уақыттың жетекші елдерінің геосаяси мүддесіне сәйкестендіру, сыртқы кеңістікті кеңейту бағытын «әлсіз көрші» елдердің аумағы есебінде жаңар-

тып, халықаралық майдандасуға жеткізуі, Еуропаның майдан даласына айналған елдері тұрғындарына ары қарайғы орны толмас тағдыр тәлкегін тудырды. Еуропалық ұлттардың Қазақстаннан тарихи Отандарына қайта оралуы кеңестік кезеңнен кейінгі уақыттан бері бүгінге дейін жалғасын тапқан миграциялық үрдістермен сабақтасты. Жаңа заман кезеңіндегі мемлекеттендірудің әртүрлі өлшемдерінен өткен еуропалық ұлттардың тарихи Отандары да, шекара бөлінісінің бірнеше халықаралық

шешімдеріне сай, әртүрлі бөлшектенуге түсіп, ұлт пен елдіктің негізін анықтаудағы әлемдік саясаттың бірқатар мәселелеріне арқау болған еді.

Адамзат тарихында терең қолтаңба қалдырған кеңестер үкіметі билік жүйесінің саяси амалдарын жүзеге асыру барысында, жеке адамға жасалған қастандықтың бүгінгі бағасы, «жазаланған ұлттар» тағдырына жасалған қастандықпен де, тарихи жадыға түскен «жарамен де» теңеліп, әлі күнге дейін өзекті тақырыптар санатына еніп келеді.

XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы өткір тарихи және саяси тақырыбына айналған «жазалған халықтар тағдырына» қатысты зерттеулер әлі де болса, мұрағаттық кедергілер жағдайында толыққанды жинақтала қоймады. «Аса құпия» грифы бар сол кездегі биліктің «Ерекше жинақтарына» әлі де болса қол жеткізу мүмкіндігі аз. Соған қарамастан, Кеңестік Қазақстандағы немістер (Козыбаев, 1991), сонымен қатар Қазақстандағы депортацияланған халықтар (Депортированные...1998) мәселесі Отандық ғылымда жаңашыл зерттеу көзқарасын қалыптастырған еді.

Депортацияланған еуропалық халықтар тағдырына қатысты бірқатар тиянақты ғылыми ақпараттар дипломатиялық мәліметтер (Отчет Хельсинкской...1991), мемлекеттік құпия хабарламалардың (Бугай, 1995: 39) жариялылығы жағдайында жарық көреді.

XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы КСРО тоталитарлы сталиндік жүйесі ұйымдастырып, жүргізген халықтарды жаппай күштеп депортациялау мәселесінің жаңаша өлшемдерде қаралуының жаңалығы, жаңарған геосаяси және мәдени-тарихи ақуал талаптарының сипат алуымен байланысты. Еуропалық мемлекеттердің қазіргі ұлттық саясаттарындағы бетбұрыс, тарихи жадының өркениеттік парадигмасын қалыптастыру бағытында тегі жағынан жақындарын жинақтау мәселесін күн тәртібіне қойып отыр. Олардың тарихи жадыны және ұлттарының тарихи өткелдерін түгелдеуі, халықтарына Отан болған елдер мұрағаттарынан халықтарының тарихи тағдыры беттерін түгендеу әрекеттерін жаңғыртты.

2016 жылы 6-7 маусым айларында Қазақстандағы Польша елшілігінің қолдауымен және Варшавадағы «Тарихиестеліктеринститутының» Краков қаласында өткізген «Азиядағы Еуропа. II дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстандағы поляк азаматтарының тарихынан» атты конференцияның ұйымдастырылуы да

азиаттық бөліктегі Қазақстандық тұрғындармен қатар, Еуропалық көпшілік өкілдерін қалыптастырған поляк азаматтарының байланыс феноменін көрсету болған еді.

1939 жылдың 17 қыркүйегіндегі Польшаға және оның тұрғындарына қатысты кеңестік агрессия мен репрессиялардың ауқымды нәтижесі ондаған мың поляк азаматтарына өздерінің еуропалық баспаналарын тастап, баспананы Қазақстанда, өздеріне экзотика болған – Азияда мәжбүрлеген болатын. Ғылыми басқосуда, қазақстандық ғалымдар ұсынған тақырыптар қатарында II дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағында Отандастарын қолдау, көмек ұйымдастыру және елге қайтару бағытында қызмет еткен поляк дипломаттарын және олар жөнінде мұрағаттық деректер іздеу (Губайдуллина, 2016), Қазақстандағы поляктардың күрделі де, қарама-қайшылықты тұрмысының құжаттық негіздері (Исова, 2016) талқыланады.

Теориялық-әдіснамалық негізі

Халықаралық қатынастардағы негізгі мәселе мәні жағынан жалғыз орынды негізгі актор мемлекеттің ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздік мүдделерінің әр қилы амалдарын күш және күштер арасалмағын басты реттеудегі қолданысына сай бағалайтын реалистік және неореалистік басты парадигмалар өлшемі теориялық сипат берді. Еуропа халықтарының II дүние жүзілік соғыс жылдарындағы қатаң тағдырының қалыптасуы тікелей соғыс жағдайындағы кеңестік мемлекеттің қауіпсіздік саясаты аясында сараланды. Ұлттық мүдде мен халықаралық саясаттың мәні – билік пен күш үшін күрес болып келе жатқанын насихаттайтын теориялық тұжырымдар елдердің сыртқы саясатындағы мүдде қайшылығымен байланысқан геосаяси депортацияға да анықтама береді.

Халықаралық қатынастардағы сыртқы саяси мазмұнға ие болған факторға қатысты мәселені ашуға қатысты теориялық-әдіснамалық негізді қалыптастыру бұрын-сонды жария болмаған дипломатиялық, мемлекеттік құжаттар дерегін өңдеуге бағытталған ивент-анализ немесе оқиғалық мәліметтерді талдау әдісін пайдалану арқылы жүзеге асты.

Шікірсапап

II дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы Кеңестік Одақта ауыр ақуал қалыптасқан болатын. Ашық

«екілік стандарт» амалдарын жүргізген мемлекет, әрекет етуші биліктің саясатының амалдары барысында қоғамды бөліске салуға алып келуі мүмкін жағдайда еді. Қоғамның бір бөлігі өмір сүріп отырған жүйені қолдаса, басқа бөлігі оған балама күш сипатында болды. Сондықтан да билік өзінің ұстанымының іргесін сөгіп алмау мақсатында барлық мүмкіндігін қолдануға тырысады. Сондай күш амалдары жүйеге қарсы ашық немесе жасырын қарсы тұрған тұрғындардың басым бөлігіне қолданылған болатын. Ол соғысқа алып келген және соғыс барысындағы қиын жағдай мен мемлекеттік қауіпсіздік саясатының сипатына қарай қалыптасады.

Қолданылған шаралар қатарында «сенімсіз, тыңдамайтындарға» бағытталған «айыптау» шаралары депортация амалдарымен жүзеге асты. Саяси назарға іліккен халықтарды қоныс аудартудың барлық амалдарының заңды негізі болды: КСРО Жоғары Кеңесінің Төралқасының жарлықтары, Орталық Комитеттің қаулылары, Халық комиссариатының және басқа да мемлекеттік құрылымдардың бұйрықтары шараларын орындалғаннан кейін де қабылданып жатқандарына қарамастан, құқықтық мазмұны бар деп саналды. 1944-1948 жылдардағы Орталық Шығыс Еуропа мемлекеттерінде орын алған «этникалық тазалық» және аймақ елдерінің саяси жүйесіндегі даму бағдарының өзгерісіне де мықтап әсер етті (Redrawing nations, 2001: 343).

Депортация амалдарының жүзеге асуы ауқымды себептермен «түсіндірілді» (Marie, 1995). «Сенімсіздік», «алдын алу шараларын қолдану», конфессиялық фактор, қарақшылық ұйымдасу амалдарына қатыстылық, өтіп кеткен жүйені сақтауға құмарту және сақтау секілді себеп-салдар Балтық бойы, Украина мен Белоруссияның батыс аудандары, Молдавия секілді аумақ елдерінің көптеген азаматтарына қатысты «айыптау» амалдары қатарында қолданылды. Әсіресе, «айыптау» амалдары поляк, неміс ұлтының көлемді құрамын құраған азаматтарға қатысты болды (Nekrich, 1978). Кеңестер билігі өзіне қарасты еуропалық бөлігіндегі шекаралық әкімшілік аудандардан «сенімсіз» санаған және Сталиндік көзқараспен «титулсыз» сенімсіз саналған азаматтарын (Pohl, 1999) XX ғасырдың 30-жылдардағы бірқатар қаулыларымен ішкі азиаттық, сібірлік алыс аумақтарына жер аудару шараларын жүргізіп отырғаны белгілі.

1941 жылдың қыркүйегінде украин, белорус және поляк ұлты өкілдерінің контрреволюциялық әрекеттері үшін арнайы жерлерге тұрғылықты

жерлерінен қоныс аударылу саны 389 382 адамға жеткен. 1941 жылдың 14 маусымында Берияның «қоныс аударту және жүзеге асыру» туралы өкіміне сай, НКВД-нің Балтық бойы, Молдова, Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан кезекті азаматтарды қоныс аударту шаралары басталады. КСРО қосылған Балтық бойы республикаларында «кеңестік тәртіпті орнатуға кедергі жасады» делінген ұлтшыл ұйым мүшелері (бұрынғы ірі помещиктер, фабриканттар, шенеуніктер, офицерлер отбасы мүшелері) қатарында Германиядан – 25 мыңға жуық, Эстониядан – 3668, Литвадан – 12 682, Латвиядан 9236 адам жер аударылады. Бір уақытта Молдавиядан 22 648 адам, Батыс Украинадан – 9545, Батыс Белоруссиядан – 27 887, барлығы 85 716 адамға жеткен. Аталған аумақтардан депортациялау шаралары осымен аяқталмаған. Осы республикаларда «лаңкестік топтар» әрекет етуде деген желеумен, 1944-1945 жылдары репрессия шаралары біршама көбейеді. Осыған орай, Литвадан 6320 адам депортацияланады. Балтық бойы елдері тұрғындарының қалған топтары күштеп қоныс аудару шараларына соғыстан кейін де түсіп жатады. Балтық бойынан депортацияланғандардың жалпы саны 203 мың адамды құраған. Қоныстанған аумақтарының географиясы, Кеңестердің ішкі аудандары, Орта Азия елдері мен басым бөлігі Қазақстан облыстары болады. Оккупанттарға қарсы күресте «аз үлес қосып», кейбір тұста «сатқындық» жасаған деп айыпталған балкар халықтарының тағдырына да депортация шаралары әсер етпей қоймады. 1944 жылдың қаңтар айында аталмыш халыққа деген «сенімсіздік» олардың депортациялануына негіз болған құжаттардың қабылдануына алып келеді (Бугай, 2004: 49).

Халық Комиссариатының «Неміс ұлты өкілдерін өнеркәсіп аудандарынан ауыл шаруашылық аудандарына орналастыру» жөніндегі 1941 жылдың 30 қазанындағы қаулысы және «Облыстық, өлкелік, автономиялық және одақтық республикаларда тұрақты мекен ететін 17-ден 50 жасқа дейінгі шақырылым жасында неміс-қоныс аударушыларын пайдалану тәртібі жөніндегі» 1942 жылғы 10 қаңтардағы жарғысына сай немістердің жұмыс күші мақсатты түрде белгіленеді.

Ұлы Отан соғысының басталуымен оңтүстік және батыс Ингерманландиядағы финдердің ауқымды бөлігі немістер оккупациялаған аумақтарда қалып қояды. Олардың ары қарайғы тағдыры қабылданған жарлықтар негізінде мобилизациямен ұштасып, НКВД еңбекке қабілетті

финндердің жұмыс колонналарына жөнелтеді. Алғашқы кезеңде 2,5 мың финн депортацияланады. 1943 жылы НКВД арнаулы қоныстар жөніндегі бөлімі мәліметтері бойынша 9 мың финн азаматтары Ленинград қоршауы ауқымы аумағынан қоныс аударылады. Финн халқының белгілі бір мемлекеттілік ауқымына сыймаған саяси шешімдердің салдарынан туған сталиндік депортацияға ұласқан тағдыры (Gelb, 1996.:268), кеңес халықтарының аз ұлттары қатарында өмір түзетуге мәжбүр етті (Matley, 1979:16.).

1939 жылғы тамыздан басталған дипломатия тарихындағы келеңсіздік саналатын Риббентроп-Молотов пактісінен кейінгі, сол жылғы 20-23 қыркүйектегі Писса-Нарва-Висла-Сан бағыты бойынша жаңа шекараны құрудың кеңестік жоспарына сәйкес кеңес-герман оккупациясының жүзеге асуы, жаулап алынған поляк жерлерінен тағы да «сенімсіздік тудыруы мүмкін делінген азаматтарды» қоныс аударту шараларын жүзеге асыртты.

Еуропаның соғыс болып жатқан мемлекеттері де кеңес билігінің халықтарға жасап жатқан саяси айыптауларына бей-жай қарап қалмаған еді. Орталық және Шығыс Еуропадан мәжбүрлі түрде жасалған миграция, әсіресе КСРО аумағындағы поляк тұрғындары арасында 1939-41 жылдары жүзеге асқан депортация шараларымен қатаң сипат алған болатын (Lebedeva, 2000: 28-45). Соғыс жылдары Польшаның бір ғана Лемко ауданы тұрғындарына қатысты жүзеге асқан халықтар тағдырының саяси идеологиялық эксперименті мысалында айтар болса, басталған соғыстың тарихи жағдайына орайласқан этникалық ақуал мен Польшадағы ұлт саясатының ары қарайғы бағытын анықтап бергенін көруге болады. (Lemko..., 2002:272). 1941 жылдың 30 шілдесінде кеңес үкіметімен иммиграциядағы поляк үкіметі арасында дипломатиялық байланысты қалпына келтіру және КСРО аумағында поляк әскерлерін құру туралы келісім жасалады. Осы келісімге тіркелген қосымша хаттамада «кеңес үкіметі дипломатиялық байланыс қалпына келгенге дейінгі кеңестік территорияда әскери тұтқын немесе басқа да жеткілікті негізде тұтқында болған барлық поляк азаматтарына кешірім жариялайтыны» тіркеледі (Боцьковски, 1996:355-377). Осы хаттамаға сәйкес 1941 жылдың 12 тамызында КСРО Жоғары кеңесі Төралқасының «барлық поляк азаматтарының» амнистиясы туралы Бұйрығы жарияланады. 1941-1943 жылдары Куйбышев қаласында (қазіргі Самара) орналасқан Польша Республикасының елшілігі Қазақстан

аумағында тұрып жатқан жер аударылған поляк ұлты азаматтарына қолдау көрсетіп, әртүрлі көмек амалдарын жүзеге асырды. Кеңес билігі босатылған поляк азаматтарына елшілік құрған поляк делегатураларында тіркеуге алынып, поляк төлқұжатын алған соң шетелдіктерге арналған тұру ережесін белгіленген тәртіпке сай милиция органдарында растауы тиісті болды.

Бұрынғы ҚазКСР аумағындағы поляк елшілігінің дипломатиялық өкілеттілік қызметі әкімдіктелген поляк азаматтарының өмірін қолдау және ұйымдастыру шараларына үйлестірілді. ҚазКСР аумағындағы 200 қамқорлық көрсету ұйымдары жұмыс істеп, олар поляк азаматтарына дәрігерлік көмек көрсетті. Алматы қаласы және облысы бойынша жұмыс істеген поляк елшілігі өкілдерінің қатарында Венцек Казимир Янович және Сапега Эустах Янович есімді поляк азаматтарының өзге жерде, отандастарына қолдау көрсетудегі үйлестіру қызметі туралы деректер көп. Елшілік өкілеттіліктері Орта Азияда жасақталып, поляк генералы Андрес басқарған Поляк Армиясына әскер жинау және жөнелту шараларымен де белсене араласқан (ҚР Президенттік...).

Нәтижелер

1939-48 жылдардағы Кеңес Одағындағы поляктардың саяси қуғын-сүргінге түсуі және депортациялануы саяси идеологияның сан түрлі бағытын қамтыған еді (Sword, 1995:472-473). Қазақстаннан кеткен поляк азаматтары 1945 жылғы 6 шілдедегі поляк-кеңес репатриация жөніндегі келісімімен Отандарына жөнелтілмек болды. Бұл келісімге Қазақстандағы поляк ұлты өкілдерінің барлығы жатқызылмады. XX ғасырдың 30-жылдары жер аударылып келген поляктарға, бұл жарлық олар «Кеңес Одағы азаматтары» санатында делініп қатысты болмады (Кияс, 1997:230).

1952 жылғы Балтық бойынан арнаулы жер аударылғандардың қазақстандық қонысы қалыптасты (Agunas, 2017). Оларды «1941 жылы Балтық бойынан», «1945-1948 жылдардағы Литвадан», «1949 жылғы Балтық бойынан», «1951 жылғы Литвалық кулактардан» тұратын қоныстану мерзімінен қарай бөлу қабылданды (Pēteris, 2017). Оларға қатысты, 1948 жылғы 26 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасының «Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының түпкі аудандарына қоныстанғандардың қашып кету мен тұрақтандыруға қарсылық көрсетуде қылмыстық жауап-

кершілікке тарту» жөніндегі бұйрық әрекет етті. Балтық бойынан жер аударылғандар өз ішінен үштік дәрежеге жатқызылды: (1941 ж.) белгілі мерзімге қоныс аударылғандар, (1945-1948 жж.) мерзімге көрсетілмегендер, (1949-1952 жж.) мәңгілікке жер аударылғандар. Заңдағы бұйрық бойынша олар қашып кетуге әрекеттенсе 20 жыл қаторғалық жұмысқа шегілді.

Осы жылдардағы қоныс аударушылар санына, 1951 жылы Балтық бойынан жер аударылғандар, Украина мен Белоруссияның батыс аудандарынан, Молдавиядан келген «иеговистшілер» деп аталатын діни сектаға кіргендер, «андерсовшылдар», бұрынғы Андерстің поляк армиясында болып, 40-жылдардың ІІ-ші жартысында Англиядан КСРО-ға репатриацияланғандар, 1951 жылы Украина мен Белоруссияның батыс аудандары мен Литвадан отбасыларымен жер аударылғандар жатқызылды. 1949 жылы наурызда Литва КСР-інен ұлттық негізіне қарамастан жер аударылғандар қатарында 26074 литвалық, 688 поляк, 58 орыс, 20 неміс, 9 латыш, тіпті 1 қазақ та болған. Соғыстан кейінгі жылдардағы Балтық бойынан жер аударылғандар Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарына орналастырылады. Олар бұрынғы помещиктер, фабриканттар мен саудагерлер, буржуазиялық саяси партиялық ұйымдарға қатысушылар болатын. 1958 жылдың 19 мамырындағы «Арнаулы қоныс аударушылардың бірқатар категорияларын міндеттерден босату» жөніндегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен Ішкі істер министрлігінің органдарының әкімшілік міндеттері олар үшін біршама жеңілдейді (Көкшетау...1212-қор).

Латвия және басқа да Балтық бойы елдерінің депортация, басқа да кеңестік кампаниялар ықпал еткен саяси шараларының салдарынан аумақ елдерінің тікелей демографиялық ақуалы күйреді (Zvidriņš, 2008).

1954 жылдан бастап Кеңес Одағының тың және тыңайған жерлері игеру бағдарламасын орындау мақсатында Қазақстанға көші-қонның еуропалық толқынының жаңа бір кезеңі бастау алды. Олардың қатарында поляктар да болды, бұл бағдарламалық науқан арнаулы статистикалық деректер бойынша, бұл этносаяси топтың Қазақстандағы көлемін 53102 (1957 ж.), 61445 (1970 ж.) дейін өсіруді қамтамасыз етті. Бұл мағынасы зор өсім көрсеткіші болды, сондай-ақ бұл көрсеткіш осы кездегі поляк азаматтарын репатриациялаудың екінші толқынымен аста-

сып жатты. Бұл жылдары Қазақстанда мыңдаған поляк топтары Белоруссия өлкесі еріктілері қатарында келді (Гавенцки, 1995:58-59).

Бұрынғы Көкшетау облыстық мұрағатынан алынған деректерді талдау барысында қоныстанушыларға қатысты жергілікті басқару, қауіпсіздік құрылымдарының тарапынан қатаң бақылау жүргізілгенін байқауға болады. Мысалы, осы облысқа қарасты Келлеров ауданының Ішкі істер бөлімінде арнаулы жер аударылушылар арасындағы қашу әрекеттерін болдырмас үшін аудандық атқару комитеттерімен келісілген бақылаушыларға жаңа тәртіп нұсқасы жасалынған (Көкшетау...1212-қор). Деректерде Горький, Богодуховка, Ростов селолық кеңестерінде төрағалардың арнаулы қоныстанушыларға жергілікті жерден шығуға рұқсат анықтамасын бергендері үшін оларға қатаң ескертулер жасалынғаны көрсетілген. Сондықтан, 1947 жылдың 24 қазанынан бастап Келлеров аудандық атқару комитеті шешімінің №3 хаттамасы жауапсыздыққа жол берген жергілікті әкімшілік басшылары мен бақылау қызметтердің ішкі істер бөлімдері арқылы жауапкершілікке шақырып, арнаулы қоныс аударушылардың Украинаға қоныс аударуға байланысты құжаттарын жинап жату әрекеттеріне жаппай-түсінік жұмыстарын жүргізу, қандай анықтама қағаз болмасын бақылау назарынан тыс өтетін қадағалау, оларға басқа аймақтарға іс-сапармен және тағы басқа жұмыстармен шығуы ішкі істер бөлімі анықтамасымен ғана реттестірілуі қатаң талап етілген (Көкшетау...1-қор).

Тек Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана амнистияның жариялануы, Қазақстандағы депортацияланған халықтар тағдырын біршама жақсартты (Наумов, 2001). Қазақстанда тұратындарға мемлекеттік арнаулы бақылау 1956 жылы жойылғанмен, реабилитация жүзеге аспады. 1959 жылы оларға еркіндік құқық бергенімен де, олардың көбісі төлқұжатсыз қала берді, бұл жағдай поляктардың тіпті Кеңес Одағының өз ішінде де жүріп-тұруында тыйым жасаған еді (Polian, 2004). 60-шы жылдардың басында да жеке адамдардың төлқұжаттары колхоз төрағалары немесе жергілікті милиция органдары қолында сақталынды. Бақылаулардың алынып тасталуы біраз мың адамдарға Украинаға кетуге жағдай жасағанмен, олардың көбісі Қазақстанда қалып қойды. Занда келісілген тізімге қарағанда олардың өте көп болмағаны көрінеді. 1959 жылы 53102 адам, 1970-61445, 1979-61136 және 1989-59956 адам (Итоги...1992:5).

Кеңес мемлекетінің батыс шекараларынан көшірілген неміс ұлты өкілдерінің кеңестік жүйедегі өміріне қатысты тиянақты шешімдер жүйе ыдырағаннан кейін ғана мүмкін болды (Naimark, 2001).

Жер аударылған халықтар тағдырына қатысты заңдық актілер қатарында, КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1972 жылғы 3 қарашадағы «Белгілі категориядағы кейбір азаматтарды өткен мерзімдердегі тұрғылықты жерді таңдаудағы шектеулерден босату жөніндегі» жарлығы, 1989 жылдың 14 қарашасындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің қабылдаған «Күштеп жер аудару сияқты халықтарға қарсы репрессиялық актілерді заңсыз деп табу» мен «олардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі» Декларация және 1993 жылғы Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси жазалау құрбандарын атау жөніндегі» Заңын жатқызуға болады.

Қорытынды

Екінші дүние жүзілік соғыс ұлттар қатынасы саласында да мемлекеттік саясатқа жағымсыз болмыс әкелді. Депортацияланған еуропалық ұлттардың өздеріне мүлде таныс болмаған тарихи тағдырының қалыптасуына қатысты зерттеулер, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі кезеңдегі тақырып мәселесіне қатысты деректердің әлі де болса қол жетімді болмауына байланысты жаңаша көзқарастармен толықтырылып отырады. Кеңестік жүйенің күштеп қоныс аудару шараларының геосаяси стратегиясы бүгінгі кезең саясатымен де сабақтасып отырғанын байқауға болатынын кейбір сыртқы саяси амалдардан байқауға болады. Мәселенің тарихи бағасы берілгенімен, саяси мазмұнын өз мүддесінде пайдаланғысы келетін құрылымдар сыртқы саяси механизмдерді жүзеге асыруда кейбір елдердің амалдарынан көрініп қоятыны бар. Депортацияланған халықтар тағдырын зерттеуде сол халықтардың қазіргі тарихи отанындағы және қазақстандық тарихнамадағы мәселеге қатысты ғылыми көзқарастар әзірге дамып, тың деректерді сараптай алғанына қарамастан, қызметтік аясы әлсіз тұжырымдармен ғана бекиді. Депортация тақырыптарының зерттеу

сараптамасын тиянақты қолдану ерекшелігі толыққанды айналысқа енбей отыр. Мәселеге байланысты ғылыми көзқарастардың тоғысуы алыс Еуропалық елдерден қоныс аударушылар мен жергілікті қазақтар арасындағы бір бірін қабылдауы, осы қоғамдар арасындағы ортақ өмір өлшемдерінің қалыптасуы, ол ұлттық топтардың бір-біріне ықпал етуі (мәдени, өркениетті, рухани және т.б.) өздерінен кейін олар бір-біріне қандай естеліктер қалдырғаны да зерттелуді ауқымды қарауды қажет ететін мәселелер. Жалпы, тұрғындардың депортациялануы орны толмас шығын әкелері сөзсіз, қоныстанушы халықтардың бұрынғы өмір сүрген мекендеріндегі еңбек күшінің әлсіреуіне, олардың мәдениеті, дәстүріне нұқсан келтіріп, азаматтардың ұлттық сана-сезімдерін мұқалтады.

Қазақстандағы Литва Республикасының елшісі Витаутас Наудузастың «The Astana Times» басылымына берген сұхбатында: «Қазақстан Литваға көрші мемлекет болмаса да, тарихи себептермен байланысты басқа да елдерге қарағанда алыс болып саналмайды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін жүздеген мың депортацияланған литвалықтардың, (солардың қатарында Қарағанды қаласында өмір сүрген менің атам да болды) екінші жақын еліне айналған Қазақстанға, біздің отандастарымыздың өмірін сақтап қалғаны үшін өте ризашылық білдіреміз» деген еді (Vytautas, 2018).

Қазақстанның қазіргі көпұлтты халқының бірегейлігін қамтамасыз етуге бағытталған саясаты және мемлекеттің толеранттылық мүддесінің ашықтығы жағдайында, мұнда өмір сүріп жатқан әр түрлі ұлттар тағдырының қаншалықты бағдарлы екендігін пайымдауға болады. Еуропалық аумақтардан жер аударылғандардан басқа да, кеңестік жүйенің азиаттық, кавказдық шекаралық аумақтарынан күштеп қоныс аударған халықтарына да пана болғаны тағы бар Қазақстан, әлі күнге дейін көп ұлттылық мүддесінде тұғырлы. Оның дәлелі, Қазақстан халықтары Ассамблеясының тұрақты жұмыс атқаруы, мемлекеттік саясатты жүргізудегі аса белсенділігі.

Мақала «AP05135403» ғылыми жобасы аясында, ҚР БҒМ ҒК қаржылық қолдауымен орындалды.

Әдебиеттер

Боцьковски Д. Попечительская деятельность посольство Республики Польша в Куйбышеве на территории Казахстана (1941-1943гг). – В сборнике: В степи далекой. Поляки в Казахстане. – Вроцлав. 1996. – С. 355-377.

Бугай Н.Ф. Л. Берия – И. Сталину: «Согласно Вашему указанию...». – М., 1995. – 311 с.

Бугай Н.Ф. Депортация народов // Война и общество, 1941-1945 книга вторая. – М.: Наука, 2004. – 311 с.

- Гавенчки М. Поляки в этнической структуре постсоветского Казахстана. – Алматы, 1995 – 69 с.
- Губайдуллина М.Ш. В поисках польских дипломатов на территории Казахстана в годы Второй мировой войны (люди и судьбы в документах архивов Алматы). // Сборник международной конференций «Европа в Азии. Из истории поляков в Казахстане во время Второй мировой войны». – Краков-Варшава, 2016. –120 с.
- Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс» Казахстан», 1998. – 428 с.
- Исова Л.Т. Документальные эпизоды насильственно-трансформированного бытия и исторической судьбы польских переселенцев в Казахстане (период войны) // Сборник международной конференций «Европа в Азии. Из истории поляков в Казахстане во время Второй мировой войны». – Краков-Варшава, 2016. –120 с.
- Итоги всесоюзной переписи населения 1989 г. Национальный состав населения КазССР, областей и г.Алматы. – Алматы, Казинформцентр, 1992. – 160 с.
- Кияс А. Наказанный народ // В степи далекой. Поляки в Казахстане. – Познань, 1997. –144 с.
- Козыбаев М.К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность // История Казахстана: белые пятна. – Алмата, 1991 – 238 с.
- Көкшетау қаласындағы Мемлекеттік мұрағат. – 1212-қор, 1-тізбе, 7-іс, 2-3-пар.
- Көкшетау қаласындағы Мемлекеттік мұрағат. – 1-қор, 1-тізбе, 967-іс, 12-19-пар.
- Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты. – 708-қор, 5/2-тізбе, 19-іс, 167 – 170 пар.
- Репрессированные народы Советского Союза: Наследие сталинских депортаций: Отчет Хельсинкской группы по правам человека. – Сентябрь, М., 1991. – 390 с.
- Arunas B. Damage caused by the Soviet Union in Lithuania – depopulation of 1940-1941 and 1944-1953 (Dr. //Damage caused by the soviet union in the baltic states. International conference materials, Riga, 17-18 June 2011 Social, economic and environmental losses/damage caused by the Soviet Union in the Baltic States Publisher Ltd. E-forma – Riga, 2017 – 150 p.
- Gelb M., 1996, «The Western Finnic Minorities and the Origins of the Stalinist Nationalities Deportations →» Nationalities Papers, 24:237-268.
- Lebedeva N. S. The deportation of the Polish population to the USSR 1939-41. [W:] Forced migration in Central and Eastern Europe, 1939-1950 – London, 2000 – 28-45 p.
- Lemko region 1939-1947. War, occupation and deportation. /Ed. by Paul Best, Jaroslav Moklak. Cracow-New Haven. Tow. Wydaw. «Historia Iagiellonica». – 2002, – 272, map 2
- Marie, J-J, Les peuples déportés d'Union soviétiques, Brussels: Editions Complexe. –1995
- Matley, I. M., «The Dispersal of the Ingrian Finns,» Slavic Review, 38:1-16. – 1979,
- Naimark, N. Fires of Hatred: Ethnic Cleansing in Twentieth-Century Europe. – Cambridge and London, 2001 Naimark, Norman. The Russians in Germany. – Cambridge, 1995
- Naumov, V., and Rubinstein, Joshua, eds. Stalin's Secret Pogrom. – New Haven and London, 2001
- Nekrich, A., The Punished Peoples. The Deportation and Fate of Soviet Minorities at the End of the Second World War, New York: Norton and Company. – 1978
- Pēteris Z. Direct demographic losses suffered by Latvia as a result of Soviet campaigns//DAMAGE CAUSED BY THE SOVIET UNION IN THE BALTIC STATES. International conference materials, Riga, 17-18 June 2011 Social, economic and environmental losses/damage caused by the Soviet Union in the Baltic States Publisher Ltd. E-forma – Riga, 2017, 150 p.
- Pohl, Otto J., Ethnic Cleansing in the USSR, 1937-1949, Westport: Greenwood Press – 1999
- Polian, P. M., Against their Will: The History and Geography of Forced Migrations in the USSR, Budapest, New York: Central European University Press. – 2004
- Redrawing nations. Ethnic cleansing in East-Central Europe 1944-1948 //Ed. Philipp Ther, Ana Siljak. Lanham. –Rowman & Littlefield. 2001, XI, 343 p.
- Sword K. Deportation and Exile. Poles in the Soviet Union, 1939-48. New York-London. St. Martin's Press; Macmillan in association with School of Slavonic and East European Studies. Univ. of London. 1994 .XIII, 269, mapy. Rec.: Micgiel John S., –Pol. Rev . Vol. 40: 1995 No 4 s. 472-473
- Vytautas N. People are Kazakhstan's greatest asset, says Lithuanian ambassador// The Astana Times. By Dana Omirgazy in International // <https://astanatimes.com/2018/02/people-are-kazakhstan-greatest-asset-says-lithuanian-ambassador> –24 February 2018
- Zvidriņš P. Latvijas tiešie demogrāfiskie zaudējumi deportācijai un citu padomju akciju rezultātā. (Direct demographic losses suffered by Latvia as a result of deportations and other Soviet campaigns). – Latvijas vesture, Nr. (69), 2008, pp.

References

- Botskovski D. (1996) Popechitelskaia deiatelnost posolstvo Resp'ubliki Polsha v K'iybysheve na territorii Kazahstana (1941-1943gg). V sbornike: V stepi dalekoj. Polhaki v Kazahstane. [rusteeship of the Embassy of the Republic of Poland in Kuibyshev in Kazakhstan (1941-1943). In the collection: In the steppes far. Poles in Kazakhstan.] Vrotslav – p.355-377. (In Russian)
- Býgai N.F. (1995) L. Beria – I. Staliný: «Soglasno Vashemý ýkazaniý...». [L. Beria to I. Stalin: «According to your instructions ...»] M., – 311 p. (In Russian)
- Býgai N.F. (2004) Deportatsiua narodov //Voina i obestvo, 1941-1945 kniga vtoraa. [Deportation of Peoples // War and Society, 1941-1945 second book] – M.: Naýka., – 311 p. (In Russian)
- Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sýdby [Deportation of Peoples // War and Society] (1998) // Almaty, «Arys» Kazakhstan». – 428 p. (In Russian)

- Gaventski M. (1995) Poliakı v etnicheskoı strýktýre postsovetskogo Kazahstana. [Poles in the ethnic structure of post-Soviet Kazakhstan.] –Almaty, – 69 p. (In Russian)
- Gýbardýllına M.Sh. (2016) V poiskah polskıkh diplomatov na territorıı Kazahstana v gody vtoroi mirovoi voıny (Ilydı ı sýdby v dokýmentah arhıvov Almaty). // Sbornik mejdýnarodnoi konferentsıı «Evropa v Aziı. Iz istorıı polıakov v Kazahstane vo vremia Vtoroi mirovoi voıny». [In search of Polish diplomats in Kazakhstan during the Second World War (people and destinies in the documents of the archives of Almaty). // Collection of international conferences «Europe in Asia. From the history of the Poles in Kazakhstan during the Second World War. »],Krakov-Varshava. – 120 p. (In Russian)
- Isova L.T. (2016) Dokýmentalnye epizody nasilstvenno-transformirovannogo bytıa ı istoricheskoı sýdby polskıkh pereselentsev v Kazahstane (period voıny) // Sbornik mejdýnarodnoi konferentsıı «Evropa v Aziı. Iz istorıı polıakov v Kazahstane vo vremia Vtoroi mirovoi voıny». [Documentary episodes of forcibly-transformed life and the historical fate of Polish immigrants in Kazakhstan (war period) // Collection of international conferences «Europe in Asia. From the history of the Poles in Kazakhstan during the Second World War. »] Krakov-Varshava. – 120 p. (In Russian)
- Itogı vsesoiýznoi perepısı naselenııa 1989 g. Natsionalnyı sostav naselenııa KazSSR, oblasti ı g.Almaty. [Results of the All-Union Population Census of 1989. National composition of the Kazakh SSR population, regions and the city of Almaty.] (1992) – Almaty, Kazinformtsentr. –160 p. (In Russian)
- Ки́ас А. (1997) Nakazannyı narod // V stepı dalekoı. Poliakı v Kazahstane. [Punished people // In the steppe far. Poles in Kazakhstan]–Poznan, 1997. –144 p. (In Russian)
- Kozybaev M.K. (1991) Nemtsy Sovetskogo Kazahstana: fakty ı deıstvıtelnost // Istoriıa Kazahstana: belye piatna. [Germans of Soviet Kazakhstan: facts and reality // History of Kazakhstan: white spots.]– Alma-Ata., – 238 p. (In Russian)
- Kókshetaý qalasyndaǵy Memlekettik muraǵat. [State archive in Kokshetau] Fund 1212, List 1, Article 7, Paragraphs 2-3 (In Kazakh)
- Kókshetaý qalasyndaǵy Memlekettik muraǵat. [State archive in Kokshetau] Fund 1, list 1, Article 967, Paragraphs 12-19.(In Kazakh)
- Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenttik muraǵaty. [Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan] 708, 5/2-list, 19 articles, 167-170 par. (In Kazakh)
- Repressirovannye narody Sovetskogo Soiýza: Nasledie stalinskıkh deportatsıı: Otchet Helsınskoı grýppy po pravam cheloveka. [Repressed peoples of the Soviet Union: The legacy of Stalin’s deportations: Report of the Helsinki Group for Human Rights] (1991) September, M. – 390 p. (In Russian)
- Arunas B. (2017) Damage caused by the Soviet Union in Lithuania – depopulation of 1940-1941 and 1944-1953 (Dr. //DAMAGE CAUSED BY THE SOVIET UNION IN THE BALTIC STATES. International conference materials, Riga, 17-18 June 2011 Social, economic and environmental losses/damage caused by the Soviet Union in the Baltic States Publisher Ltd. E-forma, Riga, 150
- Gelb M., (1996) «The Western Finnic Minorities and the Origins of the Stalinist Nationalities Deportations,» Nationalities Papers, 24:237-268.
- Lebedeva N. S. (2000) The deportation of the Polish population to the USSR 1939-41. [W:] Forced migration in Central and Eastern Europe, 1939-1950. London. p.28-45
- Lemko region 1939-1947 . War, occupation and deportation. /Ed. by Paul Best, Jaroslav Moklak. Cracow-New Haven. Tow. Wydaw. (2002) «Historia Iagiellonica». p.272, map 2
- Marie, J-J, (1995) Les peuples déportés d’Union soviétiques, Brussels: Editions Complexe.
- Matley, I. M., (1979) «The Dispersal of the Ingrian Finns,» Slavic Review, 38:1-16.
- Naimark, N. (1995) Fires of Hatred: Ethnic Cleansing in Twentieth-Century Europe. – Cambridge and London, Naimark, Norman. The Russians in Germany. – Cambridge.
- Naumov, V., and Rubinstein, Joshua(2001) eds. Stalin’s Secret Pogrom.– New Haven and London.
- Nekrich, A. (1978) The Punished Peoples. The Deportation and Fate of Soviet Minorities at the End of the Second World War, New York: Norton and Company.
- Pēteris Z. (2017) Direct demographic losses suffered by Latvia as a result of Soviet campaigns//DAMAGE CAUSED BY THE SOVIET UNION IN THE BALTIC STATES. International conference materials, Riga, 17-18 June 2011 Social, economic and environmental losses/damage caused by the Soviet Union in the Baltic States Publisher Ltd. E-forma, Riga, 150.
- Pohl, Otto J. (1999), Ethnic Cleansing in the USSR, 1937-1949, Westport: Greenwood Press
- Polian, P. M. (2004) Against their Will: the History and Geography of Forced Migrations in the USSR, Budapest, New York: Central European University Press.
- Redrawing nations. Ethnic cleansing in East-Central Europe 1944-1948 //Ed. Philipp Ther, Ana Siljak. Lanham. (2001) Rowman & Littlefield. p. XI, 343
- Sword K. (1995) Deportation and Exile. Poles in the Soviet Union, 1939-48. New York-London. St. Martin’s Press; Macmillan in association with School of Slavonic and East European Studies. Univ. of London. 1994 .XIII, 269, mapy. Rec.: Micgiel John S., Pol. Rev . Vol. 40: No 4 s. 472-473
- Vytautas N. (2018) People are Kazakhstan’s greatest asset, says Lithuanian ambassador// The Astana Times. By Dana Omirgazy in International on 24 february 2018. <https://astanatimes.com/2018/02/people-are-kazakhstan-greatest-asset-says-lithuanian-ambassador>
- Zvidriņš P. (2008) Latvijas tiešie demogrāfiskie zaudējumi deportāciju un citu padomju akciju rezultātā. [Direct demographic losses suffered by Latvia as a result of deportations and other Soviet campaigns]. Latvijas vēsture. Nr. 1(69), pp. (In Latvian)